

25.12.2019 ж.

## «Жыл бойғы түскен жаңа кітаптар назарда!!!»

Тұңғыш рет Месопотамияда тойланған, көңілді шаттыққа бөлеп, жүрекке ерекше жылулық сыйлайтын сыйқырға толы мереке – Жаңа жыл да жақындап келеді! Баршамыз жаңа жылдық дастархан жайып әңгіме-дүкен құрып, барынша қызықпен қарсы алатын бұл күнге дайындық та басталып кетсе керек.

Осы орайда біздің абонемент бөлімі оқырман қауымның назарына ерекше безендірілген «Құтты болсын жаңа жыл» атты жаңа кітаптар көрмесін ұсынады. Бұл іс-шара хабалама күні аясында өткізілді.

Көрмеде «Жаңа жылға жаңа сый» демекші бар керегіңізді таба аласыз. Бос уақытын оқуға арнайтындар үшін көркем әдебиеттер, поэзия, өлең де өнер де бір арнаға тоғысқандай алдыңызда әзір тұр. Сондай-ақ түрлі қызықты жинақтар және жаңа жылдық көңіл күй сөресінде құттықтау, ғажайып туындылар мен мерекелік суреттерді де тамашалай аласыздар. Мұнымен ғана шектеліп қалмай түрлі тәттілер мен тағамдар рецептілері, аспаздық кітаптар, сән үлгілері, сыр сымбат жайында сыр шертер журналдар да сіздерге арналады. Оқырман қауым біз сіздермен осындай керемет мәліметтермен бөліскіміз келеді.

Жаңа жыл жаңалыққа толы болсын, әр отбасына бақ пен табыс әкелсін деген ниетпен сіздерге жаңа көрмемізді ұсынамыз. Келіңіздер, оқыңыздар, көріңіздер. Жаңа жыл құтты болсын!





